**Қобда аудандық Қоғамдық Кеңес отырысының**
**ХАТТАМАСЫ**

Қобда ауылы №1 2023 жылғы 5 қаңтар
сағ 10:00

**Өткізілген орны:** Аудан әкімі аппаратының үлкен мәжіліс залы
**Қатысушылар:** Қоғамдық Кеңес мүшелері (тізім бойынша)

**Күн тәртібінде:**

1. Қоғамдық Кеңестің 2022 жылы атқарған жұмыстарының есебі.
**Баяндамашы: Жиеналин Жұмағазы Зайырұлы – аудандық Қоғамдық Кеңес төрағасы.**
2. Қоғамдық Кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жопсарымен таныстыру.
**Баяндамашы: Қабақбаева Ақерке Жанғабылқызы – аудандық Қоғамдық Кеңес хатшысы.**

**Тыңдалды:**

**Баяндамашылар:**

1. Аудандық Қоғамдық Кеңес төрағасы – Жиеналин Жұмағазы Зайырұлы (баяндама қосымша тіркелді)
2. Аудандық Қоғамдық Кеңес хатшысы – Қабақбаева Ақерке Жанғабылқызы (баяндама қосымша тіркелді)

*Кеңес мүшесі М.Н. Кустуртованың ұсынысы:*

- Жылдық жоспарға «Ауыл аманаты» пилоттық жоба тақырыбы бойынша Бегалы, Талдысай ауылдық округі әкімдерінің де баяндамасын тыңдалуын қосуды ұсынамын.

**Қобда аудандық Қоғамдық Кеңес ШЕШІМ ЕТТІ:**

1.1. Жылдық жоспарға «Ауыл аманаты» пилоттық жоба тақырыбы бойынша Бегалы, Талдысай ауылдық округі әкімдерінің баяндамалары қосылсын;

1.2. Қоғамдық Кеңес мүшелеріне белсенділік танытып, өз арамыздағы WhattsApp чатына пікір-ұсыныстар жіберіп отыру;

**Қоғамдық Кеңес төрағасы** **Ж. Жиеналин**

**Хатшы** **А. Қабақбаева**

obda

kobdagazet@mail.ru

# ӨТКЕН ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫЛАНЫП, МІНДЕТТЕР БЕЛГІЛЕНДІ

Азаматтық қоғамға негізделген мемлекет құрудың көрінісі-қоғамдық кеңестердің жұмысы болса, аудандық қоғамдық кеңес былтырғы жылғы жұмысын қорытындылап, алдағы жылдың еншісіндегі жоба-жоспарларын саралап өтті.



Аудан әкімдігінде болған жиында кеңес мүшелері алдымен 2022 жылы атқарылған жұмыстар төңірегіндегі кеңес төрағасы Жұмағазы Жиеналиннің баяндамасын тыңдады.

Оның мәлімдеуінше өткен жылы аудандағы жұмыссыздықпен күрес шаралары, жер кодексіндегі өзгерістер, мал азығын дайындау, жолдардың сапасы мен қардан тазарту, құқықтық тәртіп, жасөспірімдердің тәрбиесі, колледж түлектерінің жұмыспен қамтылуы сынды мәселелер жан-жақты талқыланып, тиісті ұсыныстар берілген.

Жиыннан басқа кеңес мүшелері тарапынан атқарылып жатқан жобалар бақыланып, азық түлік, дәрі-дәрмектің бағасына мониторинг жүргізілген. Түрлі комиссиялардың жұмысына ат салысқан.

Кеңесте екінші болып сөз алған кеңес хатшысы Айгерім Қабақбаева осы жылы кеңесте қаралатын сауалдар мен кеңестің өзге жұмыс бағыттары жайында айтып жеткізді. Кеңес жоспары бойынша мүшелері өз ұсыныстарын ортаға салды.

**Өз тілшімізден.**

СПОРТ

да
ли-
лы

ауданның "QOBDA" газетінің 16.01.2023ж. № 2(6983) санында жарияланды